"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 000440001616

16.08.2021-ғы № 03-18/3845 шығыс хаты

«Қыдырбай-Ата-12» ЖШС

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент),* Сіздің 29.07.2021 жылғы №116086 хатыңызға төмендегіні хабарлайды:

«Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған №5948869-1 *«Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының "Көпсалалы индустриалды - техникалық колледжі" МКҚК үшін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(әрі қарай – Қағида)* 150 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы.

Қағиданың 4-қосымшасы 16 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім мыналар болуы тиіс: *сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып техникалық ерекшелікті қамтиды. Бұл ретте ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, оның ішінде тауарлық белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерін, пайдалы моделдерін, өндірістік үлгілерін, тауардың шығу жері мен өндірушінің атауын, және басқа да сипаттамаларын көрсете отырып, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін осы КҚ-ға 2-1, 2-2, 2-3-қосымшаларға, тауарлар үшін осы КҚ-ға 3-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша көрсетіледі. Қажет болған жағдайда техникалық ерекшелікте нормативтік-техникалық құжаттама көрсетіледі.*

Қағиданың конкурстық құжаттаманың 3-қосымшасына сәйкес функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипатталуы, тауардың атауы (маркасын, моделін, үлгісін және/немесе тауар белгісін көрсете отырып) және

16.08.2021 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

дайындаушы зауыт (дайындаушы зауыттың атауы және оның орналасқан жері көрсетіледі) туралы мәлімет көрсетілуі тиіс.

Әлеуетті өнім беруші «Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, аталған әлеуетті өнім берушінің тарапынан ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында (Техникалық ерекшелік) тауардың маркасы, моделі, үлгісі және/немесе тауар белгісі туралы мәлімет көрсетілмегендігі анықталды.

Сонымен қатар, Қағиданың 4-қосымшасы 19 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімге қатысты бүкіл хат-хабарлар мен құжаттар әлеуетті өнім берушінің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жасалады және беріледі.

Оларды әлеуетті өнім беруші басқа тілде жасаған және ұсынған жағдайда оларға дәл (нотариалдық расталған) аудармасы қоса беріледі.

Алайда, әлеуетті өнім беруші «Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің конкурстық өтінімін зерделеу барысында, Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшасында (Техникалық ерекшелік) дайындаушы зауыттың орналасқан жері басқа тілде ұсынылғандығы анықталды.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші «Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің конкурстық өтінімі осы бөлігінде конкурстық құжаттама талаптарына сай ұсынылмаған.

Бұдан басқа, әлеуетті өнім беруші «Қыдырбай-Ата-12» ЖШС-нің конкурсқа қатысуына рұқсат берілуі конкурстың қорытындысына әсер етпейді.

Камералдық бақылау - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабы 5 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдейміз.

Сонымен қатар, ҚР 2020 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік» Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.

Сонымен қатар, ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 9 тармағына сәйкес, осы бапта көзделген, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының орынбасары **Т.Тултебаев**

А.Шопчекбаев

А.Мырзахметов